

НА РЫНКЕ КАЗАХСТАНА ЕСТЬ ДОСТАТОЧНОЕ КОЛИЧЕСТВО ЭКСПЕРТОВ С БОЛЬШИМ ОПЫТОМ, ЗНАНИЯМИ И НАВЫКАМИ ТЕХНИЧЕСКОГО ИНЖЕНЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ. С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ HR МЫ СЧИТАЕМ, ЧТО В ЭТИХ ЖЕ СОТРУДНИКАХ НЕОБХОДИМО «ПРОКАЧИВАТЬ» SOFT SKILLS. И ЧТО САМОЕ ВАЖНОЕ – РАЗВИВАТЬ ВИДЕНИЕ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАК КОММЕРЧЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ, ПОНИМАНИЕ О НЕОБХОДИМОСТИ ОКУПАЕМОСТИ, ПРИБЫЛЬНОСТИ, ЭФФЕКТИВНОСТИ, ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ.

Тамила МИКУЛИЧ,
директор по управлению персоналом АО «НК «ҚТЖ»



№16 (2624)
02/04/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



НОВЫЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ МАРШРУТ

Вчера в Казахстан прибыл первый пилотный контейнерный поезд из административного центра Гуанси-Чжуанского автономного района (ГЧАР) – города Наньнин. Состав из 49 сорокафутовых контейнеров доставил в Нур-Султан тяжелую строительную технику из Китая за 13 дней.

Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан

Благодаря отлаженной работе уже 17 марта контейнерный поезд отправился из международного железнодорожного порта Наньнин. Проехав более 5 тысяч километров, он доставил 49 сорокафутовых контейнеров с тяжелой строительной техникой в Казахстан.

Перевозка груза осуществлена казахстанским мультимодальным оператором, дочерней ком-

панией АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express».

АО «KTZ Express» предоставило полный комплекс услуг по подвижному составу, экспедированию груза, оформлению пакета перевозочных документов.

– В Китае новый логистический канал позволил сэкономить время доставки груза в 3 раза. Ранее строительная техника транспортировалась автомобильным транспортом. Время доставки занимало более 45 дней, – отметила руководитель представительства АО «KTZ

Express» в КНР Нурсулу Жолбасканова.

Новый грузовой железнодорожный маршрут, организованный в рамках реализации Казахстанско-китайской инициативы «Один пояс – Один путь» позволит увеличить пропускную способность железных дорог и пунктов пропуска.

– Данный маршрут имеет большое значение для повышения роли Наньнина в инициативе «Один пояс – Один путь», – подчеркнул представитель компании China Railway Nanning Group Чжоу Сыгун.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ОНЛАЙН СЕМИНАРҒА ҚАТЫСТЫ



Қазақстанның барлық өңірлерінен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің мамандары «Мемлекет басшысы 2021 жылғы 2 қаңтарда қол қойған жаңа ҚР экологиялық кодексінің нормалары мен талаптары» тақырыбында экологиялық қауіпсіздік жөніндегі онлайн-семинарға қатысты.

Жаңа құжатта қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі шаралар қабылданған. «Жаңа экологиялық кодекс «ластаушы төлейді» қағидатын қарастырады. Осыған байланысты қоршаған ортаға нормативтен тыс эмиссиялар үшін әкімшілік санкциялар ұлғайтылып, экологиялық бұзушылықтарға санкциялар қатандырылды. Бұл – темір жол тасымалдарының экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру және табиғи жүйелерді сақтау үшін үлкен ынтылдандыру», – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев.

Темір жолда қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстың басты мақсаты – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және адамдардың денсаулығына қауіптілік жасау.

Аталған тәсілдерді іске асыру үшін 2021 жылға компанияда объектілерді ҚР Экология заңнамасы талаптарына сәйкес келтіру, ластануды жою бойынша іс-шаралар жоспарланған. Бұл ретте «жасыл технологияларға», сондай-ақ теміржолшылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға басымдық беріледі. Атап айтқанда, «Тал отырғыз», «Бірге – Таза Теміржол», «Табиғатты сақта – батареяканы тапсыр» экологиялық акциялары және «Қоршаған ортаны қорғау» эко-сағаты жоспарланған.

Ұлан ОРАЗ

Инфрақұрылым

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы теміржол инфрақұрылымын күтіп ұстауға, жолаушылар және жүк пойыздарының кедергісіз жүріп тұруын қамтамасыз етуге, контейнерлік пойыздар қозғалысының жылдамдығын арттыруға, транзиттік дәліздердің өткізу қабілетін арттыруға ерекше назар аударады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Биыл да елімізде темір жолдарды жаңғырту арқылы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін және жылдамдығын арттыруға бағытталған шаралар жалғасын тапмақ.

«Үстіміздегі жылы 1026,8 км жолды жаңғырту және сауықтыру жоспарланып отыр. Соның ішінде 582 км жолға су жаңа материалдарды сала отырып, күрделі жөндеу жүргізу қарастырылған. Ал 74,6 км жолдың үстіңгі қабатына ескі жарамды материалдарды пайдалана отырып, күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары жасалмақ. Сонымен қатар 129,3 км жол бойында СМД-80 жол машинасының көмегімен жаңа материалдарды пайдалана отырып, рельс тірегінің, 51,3 шақырымда рельстік жолтабанды жаңаларына жаппай ауыстыру іске аспақ. Бұдан бөлек, 60 км жолға жаңа ағаш шпалдарды төсеу арқылы орташа жөндеу жүргізілмек. Сондай-ақ, 95,3 км жолда рельс ііндерін және 34,4 км рельстерді ескі жарамдыларымен алмастыру көзделіп отыр», – дейді Жол және құрылыстар департаментінің жолдарға күрделі жөндеу



жүргізу бойынша функционалды бағыттың 1 дәрежелі менеджері Берік Аханов.

Осы ретте, рельсті жолдарды түгел алып тастап, оның орнына су жаңа материалдарды төсей отырып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді Ұлттық компания өзінің сенімді серіктестері «Integra Construction KZ» ЖШС – 302,3 км, «Теміржол жөндеу» ЖШС – 260,7 км сеніп тапсырып отыр. Бұл екі кәсіпорын Компанияның жаңа жолдарды салуға қатысты жобаларын сәтті жүзеге асырып, тәуелсіз қазақ теміржолдарының тарихына өзіндік қолтаңбаларын қалдырып та үлгерді. Ал 19 км шамасындағы

жол көлеміне күрделі жөндеу шаруашылық тәсілмен жүргізілмек. Бұл жауапты іс – күрделі жөндеу жүргізуде әжептәуір тәжірибесі бар Ақадыр ПЧМ мекемесі еншісінде.

«Еліміздің темір жолдарын жөндеу бойынша қызметтер нарығында доменанттар болып табылатын «Integra Construction KZ» ЖШС және «Теміржол жөндеу» ЖШС-мен жолдың жоғарғы құрылысын күрделі жөндеуден өткізуге қатысты шарттар жасалып қойған. Бүгінгі таңда бұл екі мердігерлік ұйым 12,1 шақырым жолды жөндеді. Жөндеу жұмыстары кестеге сай басталып, іске асуда», – деп сөзін түйіндеді Берік Аханов.

түйісу нүктелерінде кептеліп тұрып қалған жүк вагондарын өткізудің тиімді үдерісін ұйымдастыру үшін енгізіліп отыр. Дәл қазіргі таңда 140-тан астам пойыз уақытша қозғалыста қалдырылды. Одан басқа азық-түлік жүгі бар 1900 жабық вагон төрт айдан астам уақыт қабылдауын күтіп тұрғаны да рас. Сондықтан бұл шараны бизнес қауымдастық да қолдап, оған түсіністік танытуда.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Сағат КАБИЕВ,
главный менеджер
департамента
производственной
безопасности
и экологии
АО «НК «ҚТЖ»:



НОВЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ КОДЕКС ПРЕДУСМАТРИВАЕТ ПРИНЦИП «ЗАГРЯЗНИТЕЛЬ ПЛАТИТ». В СВЯЗИ С ЭТИМ УВЕЛИЧЕНЫ АДМИНИСТРАТИВНЫЕ САНКЦИИ ЗА СВЕРХНОРМАТИВНЫЕ ЭМИССИИ В ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДУ, УЖЕСТОЧЕНЫ САНКЦИИ ЗА ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ НАРУШЕНИЯ. ЭТО ОГРОМНЫЙ СТИМУЛ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК И СОХРАНЕНИЯ ПРИРОДНЫХ СИСТЕМ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ПРОГНОЗИРУЕМЫЙ ОБЪЕМ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ МЕЖДУ РК И КНР НА 2021 ГОД –

25,2 млн тонн

СВЫШЕ

31 млрд тенге

ПЛАНИРУЕТ НАПРАВИТЬ АО «НК «ҚТЖ» НА СОЗДАНИЕ БЛАГОПРИЯТНЫХ УСЛОВИЙ ТРУДА В 2021-2025 ГОДАХ

НА

44 млн тенге

СОКРАТИЛИСЬ ЗАТРАТЫ АО «НК «ҚТЖ» ПО ИТОГАМ РАБОТЫ ЦЕНТРА УПРАВЛЕНИЯ ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ ЗАПАДНОГО РЕГИОНА

УАҚЫТША ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі салалық ассоциациялар және экспорткерлермен жүргізген отырыстар нәтижесінде Қазақстан темір жолы қайтадан Қытайдан жүк қабылдауға тыйым енгізді.

Яғни, соған сәйкес ағымдағы жылдың 5 және 15 сәуір аралығында Достық станциясы бағытына, әрі қарай Қытайға контейнерлерден басқа барлық жүктер тасымалына уақытша тыйым

салынады. Бұл шешімді шығаруға басты себеп – ҚХР тарапынан жүк тиелген құрамдардың дер кезінде қабылданбауы. Аталған шара вагон ағынын азайту және халықаралық

ПРИЕМ ЗАЯВОК ПРОДОЛЖАЕТСЯ



Срок принятия заявок на участие в проекте «100 молодых лиц АО «Пассажирские перевозки» продлен до 10 апреля текущего года.

По условиям конкурса, прием заявок должен был завершиться вчера. К этому моменту в адрес оргкомитета поступило порядка 200 заявлений от работников региональных филиалов и дочерней организации, желающих попасть в число «100 молодых лиц АО «Пассажирские перевозки». При этом наибольшее количество – из филиала «Экспресс».

В связи с поступившими обращениями и повышенным интересом к конкурсу со стороны сотрудников оргкомитет принял решение о продлении срока приема заявок до 10 апреля. Теперь все кандидаты успеют собрать необходимые документы и направить их для участия в этом масштабном проекте.

Напомним, проект «100 молодых лиц АО «Пассажирские перевозки» реализуется в рамках молодежной политики компании, направленной на развитие молодого кадрового потенциала. Его целью является продвижение идей этичности, меритократии, профессионализма и активной лояльности на примерах конкретных работников.

Чтобы стать участником проекта, необходимо направить на электронную почту 100lispp@mail.ru резюме (специальная форма), анкету (с указанием достижений), фото кандидата (качество HD; Full HD), ходатайство в произвольной форме (со стороны руководства коллег), видеоматериал самопрезентации, а также копии грамот, дипломов, свидетельств, благодарственных писем, статей в газетах и прочего.

Роман ЛЮБИМОВ

ТАҒЫ БІР МӘРТЕ ПЫСЫҚТАДЫ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл



Сәуірде Тараздағы темір жол вокзалының ғимаратына күрделі жөндеу басталатынын өткен номерде хабарлаған болатынбыз. Осы шаруаға қатысты арнайы жол картасы қабылданып, нақты шаралар қолға алынған.

Алайда оның орындалу жайы Жамбыл облысы әкімі Бердібек Сапарбаевтың көңілінен шықпапты. Сондықтан сәрсенбі күні әкімдікте арнайы жиын өтіп, бұл бағыттағы шаралар тағы бір мәрте пысықталды.

Аймақ басшысы осы іске жауапты мекемелердің өкілдерін тыңдады. Жергілікті сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Арман Әбдешовтің мәліметінше, ғимаратты күрделі жөндеу жұмыстарына «Қазақстан темір жолы» компаниясы есебінен қаржы бөлінген. «Энергоқұрылыс» ЖШС жеңімпаз атанып, мердігер болып танылды. Арнайы құрылған жұмысшы топ зерделу жұмыстарын жүргізіп, ақаулық актісін дайындап, нақты атқарылуы тиіс жұмыстар көлемі нақтыланған.

Жиынға қатысқан «Қазақстан темір жолы – Жүк тасымалы» АҚ – Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Александр Ким күрделі жөндеумен қатар, қарастырылған қаржыға едендерді ауыстырып, ғимарат ішіндегі жылуды сақтау үшін витраж орнатып, қызметтік бөлмелерді талапқа сай қылуға мүмкіндік барын жеткізді.

«Бұл – қоғамдық нысан. Сондықтан ғимараттың жаңа келбеті, жөндеу жұмыстарынан кейінгі ахуалы жолаушылар мен тұрғындарға жайлы болуы керек. Біз өз тарапымыздан басталған істің сапалы, жүйелі жүргізілуін қадағалайтын боламыз. Құрылыс материалдары да сапалы болуы керек. Өйткені, соңғы рет 2013 жылы жөндеу көрген нысан жиырма төрт сағат халыққа қызмет көрсетеді», – деп атап өтті ол.

Ал мердігер мекеменің директоры Дінмұхамед Маханбетовтің айтуынша, құрылыс мамандары он күннің ішінде белгіленген жұмысты бастап кетуге дайын отыр. 48 адам жөндеу жұмыстарына кіріспек. Олардың дені осы өңірдің тұрғындары. Компания қажетті техникамен жабдықталған. Қосымша керекті құралдарды өзге құрылыс мекемелерінен жалдауды жоспарлап отыр.

Б.Сапарбаев ең алдымен жұмыс сапалы атқарылуы қажеттігін, сондықтан әкімшілік тарапынан қатаң бақылау, техникалық қадағалау болатынын айтты. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің өкілі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау жағын өз мойндарына алатынын мәлімдеді.

ТАЛАП ҚАТАҢ

Жансия АЙТУҚЫЗЫ,
Түркістан



ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №191 «Террористік тұрғындан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптар» қаулысына сәйкес аймақтағы бірқатар нысандар айрықша стагусқа ие.



Оған Түркістан облысы бойынша «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының филиалы Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне жататын төрт теміржол вокзалы енгізілген. Атап айтқанда, 1 класты Шымкент станциясы мен 2 класты Түркістан станциясының вокзалдары. Айта кетейік, бұл екі вокзал да ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің балансында. Сонымен қатар, 1 типті Арыс-1 станциясы мен 3 класты Түлкібас станцияларының вокзалдары да жатады.

Өткен жылы 16 наурыз бен 27 наурыз аралығында ҚР ІІМ көліктің полиция департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының жұмыс тобы Арыс-1 станциясы және Түлкібас станциясы теміржол вокзалдарының терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін және олардың басшыларының ҚР Терроризмге қарсы іс-қимыл заңнамасында көзделген талаптарды сақтауын тексеріп шыққан болатын.

Белгілі болғандай, кемшілік жоқ емес екен, Түлкібас вокзалы бойынша 2 651 000 теңге көлемінде айыппұл салынса, Арыс вокзалы бойынша 1 2 651 000 теңге айыппұл салынған.

Сонымен төтенше жағдай бойынша терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында Түлкібас станциясы және Арыс-1 станциясы бойынша өткен жылдың 13 сәуірі күні «Мусахан-Секьюрити ЛТД» ЖШС ұзақ мерзімді шартқа отырды. Осы шарттағы техникалық ерекшеліктерге сәйкес аталған станцияларда бейнебақылау, күзет сигнализациясы, ауызша хабарлау және эвакуацияны басқару, кіруді бақылау және басқару жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілді.

Аймақ



ҮЛГІЛІ БОЛУҒА ҮМІТКЕР

Қандай мекеме болмасын өз жұмысының алға басқанын, жыл соңын үлкен нәтижелермен, табыспен аяқтағанын көздейді, алдын ала жоспар құрып, соған ұмтылады. Осы ретте Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі тасымалдау процесінің тиімділігін арттырып, «Үлгілі бөлімше» мәртебесіне қол жеткізу жөнінде жол картасын әзірледі.

Жансия СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Айта кетейік, бұл міндеттеме «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының 13 қаңтардағы хаттамалық шешіміне сәйкес жасалып отыр. Бөлімше үздіктер қатарынан көрінуге барын салуда. ЖТ бойынша поездық және нормативтік-техникалық құжаттаманың тізбелері әзірленді және бекітілді, станциялар мен деполарда жергілікті жағдайлар бойынша тізбелер әзірленді. Станциялар мен деполарда QR-кодтар жасалатын электрондық кітапханалар қалыптастырылды.

Жүк жұмысын сапалы жоспарлау мақсатында ауысымдық-тәуліктік жоспарлаудың автоматтандырылған жүйесі (АТЖ АЖ) бағдарламасы енгізілді. Бөлімшенің бас инженері И.Нұржановтың айтуынша, осы жылы 1 ақпаннан бастап тәуліктік жүк жұмысын жинау бойынша кешкі селектор алынып тасталды.

– Жүк жұмыстарын ауысымдық-тәуліктік жоспарлау АСП бағдарламасы бойынша жүргізілетін болды. Мәселен, Түркістан, Шағыр, Шеңгелді, Дарбаза, Сарыағаш, Қазығұрт, Текесу, Манкент, Қорғасын, Састөбе, Бадам, Тоғыс станцияларында ф.ДУ-2, ДУ-3 автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) ДСП, ГИД Урал журналын қағазсыз ресімдеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жұмыс орындарын тұрмыстық техникамен (кондиционерлер, қысқатолқынды пештер, тоназытқыштар) жабдықтау үшін тұрмыстық техниканы сатып алуға тендер жарияланды, – деді Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Ильяс Нұржанов.

Бас инженердің сөзінше, теміржол көлігінде қолданылатын өлшеу құралдарын тексеру үшін ВЧДЭ-30 тексеру зертханасын аккредиттеуді жүргізу үшін сатып алу жоспарына енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сон-

дай-ақ, Шымкент станциясының ғимараттарын эстетикалық түрге келтіру жөніндегі жұмыс аяқталды. Ал басқа станцияларда ғимараттарды эстетикалық ретке келтіру жөніндегі жұмыстар жалғасын табууда. Станция ғимараттарында маңдайша жазулары дайындауға ақша қаражатын бөлу мәселесі қарастырылуда. Бұдан

өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. ЭДТ АБЖ енгізу үшін Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі басшылығының атына Ресей федерациясы кірме жолдарының географиялық координаттарымен «Кедентранссервис» АҚ, «Ware House» ЖШС және «СанжарСауда» ЖШС ЭДТ АБЖ цифрландыру үшін хат жолданды.



ЖҮК ЖҰМЫСТАРЫН АУЫСЫМДЫҚ-ТӘУЛІКТІК ЖОСПАРЛАУ АСП БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛДЫ. МӘСЕЛЕН, ТҮРКІСТАН, ШАҒЫР, ШЕҢГЕЛДІ, ДАРБАЗА, САРЫАҒАШ, ҚАЗЫҒҰРТ, ТЕКЕСУ, МАНКЕНТ, ҚОРҒАСЫН, САСТӨБЕ, БАДАМ, ТОҒЫС СТАНЦИЯЛАРЫНДА Ф.ДУ-2, ДУ-3 АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРНЫ (АЖО) ДСП, ГИД УРАЛ ЖУРНАЛЫН ҚАҒАЗСЫЗ РЕСІМДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

бөлек, Шымкент станциясында қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындауын және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын бақылау мақсатында сыртқы бақылаудың 2 бейнекамерасын орнату үшін ақшалай қаражат іздестіріліп, ЖТ бөлімшесі экономика департаментімен келісілгені жатқан көрінеді.

Сайрам, Тоғыс және Жетісай шағын аралық станцияларында жүк поездарын өңдеу нормасын қысқарту бөлігінде көрсетілген станциялар бойынша жұмыстың технологиялық карталарына тиісті өзгерістер енгізілді. Пойыздар келген кезде жүп және тақ пойыз вагондарының нөмірлерін есептен шығару уақытын қысқарту үшін станциялық-технологиялық орталықтағы (СТЦ) мониторлар Сарыағаш станциясының мойнындағы бейнебақылау жүйесіне қосылған. Осыған байланысты, Сарыағаш станциясы жұмысының технологиялық процесіне тиісті

Қазіргі уақытта бұл мәселе ГПАИС-тың қаруында жатыр.

ГУ-46 нысанындағы вагондарды беру мен алып кетудің автоматтандырылған ведомосын, ҚЖД АБЖ жүйесінде жалпы нысандағы актілерді және коммерциялық актілерді қағазсыз ресімдеу үшін шығыс хаты жіберілді.

– Үлгілі бөлімше атандық жауапкершілігі мол. Бөлімшеде барлық іс-шараларды толығымен орындауға барлық теміржолшылар бір кісідей атсалысады деп сенемін. Осы мақсатта ұжым арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін телеграм арнасы құрылды. Қазіргі уақытта Филиалдың қоғамдық өміріне байланысты контентпен толтыру рәсімі, «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС-нің нормативтік актілері, нұсқаулықтары, ережелері, нұсқаулықтары енгізілуде, – деді бас инженер И.Нұржанов.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ІШКІ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛГЕН




Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесі басшылары тарапынан еңбек қауіпсіздігін сақтау мақсатында «ішкі бақылау» жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Негізгі міндет – еңбекті қорғау бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру, теміржолшыларға қолайлы жағдай жасау, анықталған кемшіліктерді жою және жұмыс орындарындағы жазатайым жайттарға жол бермеу болып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осы орайда қазіргі күні «нөлдiк жарақаттанушылық» стратегиясының негiзгi бағыттарын iске асыру шеңберiнде бiрқатар жұмыстар жүргiзiлуде. Атап айтсақ, өндiрiстiк жарақаттануды болдырмау және зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарын азайту жөнiндегi жол картасы, өндiрiстiк қауiпсiздiктi басқарудың корпоративтiк жүйесi бойынша кешендi iс-шаралар жоспары жыл басынан бастап мықтап қолға алынды. Соның iшiнде «7 алтын ережеге» баса мән берiлуде.

Өндiрiстiк қауiпсiздiк және экология қызметi бойынша арнайы бекiтiлген кестеге сәйкес ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында арнайы құрылған комиссия Семей локомотив пайдалану депосы, Семей, Риддер станциялары бойынша бiрқатар тексеру жұмыстарын жүргiздi. Тексеру барысында 35 ескерту анықталды. Нақтыланған ескертулер бойынша



келеңсiздiктердi жою шаралары қабылданды.

Тексеру қорытындысы негiзiнде құрылымдық бөлiмшелердiң басшыларына еңбек қауiпсiздiгiн қамтамасыз етудi ұйымдастыру және профилактикалық жұмыстар жүргiзу, қызмет сапасын арттыру, сондай-ақ жарақаттануға жол бермеу шараларын қабылдау жөнiнде ұсынымдар берiлдi.

Сол тәрiздi жуырда өткен тексерулер барысында ВЧДЭ-23 мекемесi бойынша 12 ескерту

жасалыпты. Айта кетерлiгi, бұл жыл басынан бергi осымен үшiншi мәрте жүргiзiлген тексеру жұмыстары болатын. Ал, анықталған кемшiлiктердi жою бойынша арнайы жоспарлар кешенi жасалды. Соңғы мәлiметтер бойынша сәуiр айының алғашқы жұлдызына дейiн барлық кемшiлiктер жойылған.

Ал, ТЧЭ-24 бойынша өндiрiстiк қауiпсiздiк жағдайына 6 тексеру жүргiзiлiп, өндiрiстiк қауiпсiздiкке кереғар келетiн 9 ескерту анықталған. Бұл жайттар

бойынша да депо басшылығымен бiрлесiп қалпына келтiру жұмыстары орын алды.

Мұндай шаралар Аяғөздегi ТЧЭ-25 мекемесiнде де қолға алынып, орын алған 15 оқлық көп ұзамай межелi мерзiм iшiнде жойылды.

Айта кетерлiгi, жұмыс орындарын қадағалау, бақылау жұмыстарымен қатар, сақтық шараларын арттыру бойынша да жоспарлы iстер күшейтiлуде. Аталмыш мақсатта ағымдағы жылы бөлiмше бойынша жалпы еңбек жағдайын жақсарту үшiн 11 iс-шара ұйымдастыру жоспарланып, қомақты қаражат бөлiнген. Оның iшiнде теміржолшылар игiлiгiне қорғаныш заттарын алу мен санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту үшiн түрлi бұйымдар алу көзделген болатын. Сол тәрiздi бiлiктiлiктi арттыру мен қызметкерлердi оқыту үшiн де арнайы қаражат бөлiнiп отыр. Аталмыш шаралардың барлығы бөлiмшенiң бас инженерi Самат Төлеповтың жеке бақылауына алынған.

Суреттi түсiрген автор

Концепция БЛАГОприятных условий: УСЛЫШАТЬ КАЖДОГО



АКТУАЛЬНО

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

С 2018 года в АО «НК «КТЖ» действуют правила мониторинга производственных отношений. В 2019 году в рамках этих правил среди железнодорожников в пилотном режиме проведены опросы на предмет удовлетворенности безопасностью рабочего места, санитарно-бытовыми условиями, спецодеждой и средствами индивидуальной защиты (СИЗ), внутренними коммуникациями, а также информированности о соцпакете и нетерпимости коррупции. С прошлого года анонимное анкетирование полноценно заработало по всем линейным подразделениям ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», Дирекции магистральной сети и филиалам АО «Пассажирские перевозки».

Опрос проводится два раза в год (в феврале и августе) на специальной интернет-платформе и включает 22 вопроса по выше названным тематикам. В нем участвуют не менее 20% работников региональных и линейных подразделений, в том числе по 20% представителей административно-управленческого и производственного персонала.

Стоит отметить, что с каждым годом железнодорожники, демонстрируя доверие, все активнее вовлекаются в эти опросы. Если в августе 2020-го анкетирование охватило 29 700 человек, то в этом году – 30 899 работников. К тому же по сравнению с минувшим годом в нем участвовало на 5 тысяч больше представителей производственного персонала.

В рамках опросов работники КТЖ открыто говорят о существующих проблемах, благодаря чему мы можем точно их решать, предпринимать конкретные шаги в том или ином направлении и быть полезными, – отмечает главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Замир Сериков.

ОБЪЕКТИВНЫЙ ВЗГЛЯД
По результатам последнего анонимного анкетирования, завершившегося 10 марта, большая часть опрошенных имеет позитивное настроение к условиям, которые создает АО «НК «КТЖ». Так, доля положительно ответивших респондентов, согласно тематике вопросов, составила 84%. Однако

по сравнению с предыдущим опросом, который проводился в августе 2020-го, этот показатель снизился на 2%.

Что же потянуло вниз? Надо сказать, что в разрезе предприятий все показатели демонстрируют негативную динамику, при этом наибольшее «падение» наблюдается в вопросах санитарно-бытовых условий – с 80 до 75%.

– Производственный персонал объективно критичен. Снижение на 5% можно объяснить необходимостью со стороны компании уделять больше внимания в части улучшения условий труда. В текущем году решение этой проблемы станет одним из главных фокусов работы КТЖ, – подчеркнул Замир Сериков



КОНЦЕПЦИЯ ПО СОЗДАНИЮ БЛАГОПРИЯТНЫХ УСЛОВИЙ ТРУДА ПОДЕЛЕНА НА НЕСКОЛЬКО НАПРАВЛЕНИЙ: УЛУЧШЕНИЕ САНИТАРНО-БЫТОВЫХ УСЛОВИЙ, СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СПЕЦИАЛЬНОЙ, ФОРМЕННОЙ ОДЕЖДЫ И СРЕДСТВАМИ ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ, УЛУЧШЕНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ.

По его мнению, в условиях зимы все пробелы и узкие места стали заметнее, нежели во время летнего опроса. Особенно сигнализирует о ненадлежащих санитарно-бытовых условиях и имеющихся проблемах со специальной и форменной одеждой Костанайское отделение грузовых перевозок – работники этого региона больше всех не удовлетворены этим показателем. Похожая ситуация сложилась в Атырауском и Мангистауском отделениях магистральной сети, а также в филиале «Северный» АО «Пассажирские перевозки».

В среднем на 3% меньше работников увидели улучшение качества спецодежды в сравнении с предыдущим опросом. На столько же снизилась оценка уровня безопасности на рабочем месте. Возможно, мнение железнодорожников стало менее позитивным из-за ряда случаев травматизма, допущенных в КТЖ в начале года.

Если говорить о положительных изменениях, то последний опрос показал, что позитивное настроение по всем направлениям наблюдается в Карагандинском отделении ГП, где все показатели возросли в среднем на 3%.

Большее количество людей ответило положительно на вопросы качества и обеспечения спецодеждой в Шымкентском и Кызылординском отделениях магистральной сети. Вырос уровень удовлетворенности по всем показателям и в филиале «Южный» АО «Пассажирские перевозки», а также в алматинском филиале АО «Вагон-сервис».

Проводимые в период пандемии информационные и обучающие мероприятия обеспечили достаточно высокий уровень осведомленности работников о политике нулевой терпимости к коррупции, стабильно высокими остаются вопросы по информированности о соцпакете и внутреннем коммуникации.

– В совокупности анализ результатов говорит о том, что надо обратить особое внимание на ремонт производственных и бытовых помещений, обновление морально устаревшего оборудования и техники, мебели, а также обеспечение спецодеждой и средствами индивидуальной защиты, особенно в мороз, – резюмирует Замир Сериков. – Хотелось бы поблагодарить работников за активное участие в опросах и информирование о проблемах. Отчасти мы знаем о них, но важно понимать, где ситуация требует незамедлительных действий.

СКАЗАНО – СДЕЛАНО
Результаты опросов, проведенных ранее, легли в основу Концепции по созданию БЛАГОприятных условий труда на 2021-2025 годы, утвержденной правлением КТЖ в январе текущего года.

План мероприятий по реализации новой концепции в настоящее время находится на согласовании в структурных подразделениях компании. Согласно ей, общая сумма затрат на улучшение условий работников в ближайшие пять лет составит свыше 31 миллиарда тенге.

– Концепция поделена на несколько направлений: улучшение санитарно-бытовых условий, совершенствование обеспечения специальной, форменной одеждой и СИЗ, улучшение социальной политики. В 2021-2022 годах мы сфокусируемся на создании комфортных условий для железнодорожников, работающих на открытом воздухе, – проинформировал Замир Сериков.

Планируется отремонтировать бытовые помещения, пункты обогрева, душевые, гардеробные, сушильные, санузлы и т.д.

– Из-за ненадлежащих условий для работы сотрудник не в состоянии полноценно исполнять свои должностные обязанности и в целом может пребывать в негативном настроении. Это отражается не только на имидже КТЖ, но и производительности работника. В концепции предусмотрено поэтапное решение всех этих вопросов, – говорит Замир Сериков. – Примечательно, что мы не будем затрачивать дополнительные средства – обновление планируется за счет экономики существующего бюджета.

Улучшение состояния зданий и сооружений и их технического оснащения с апреля текущего года также будет обеспечено путем реализации категоричной стратегии «Комплексное обслуживание зданий и сооружений».

Кроме того, в рамках Концепции создания БЛАГОприятных условий труда планируется пересмотреть подход в обеспечении работников форменной одеждой, начиная от перечня профессий и заканчивая сроками носки и требованиями к качеству.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – ОБЩАЯ

Стоит отметить, что к реализации концепции подключен и отраслевой профсоюз. Его представители на местах будут информировать руководство компании о проблемах, а также участвовать в приеме объема работ по ремонту.

– Профкомы знают ситуацию на местах и при реализации наших инициатив могут представить более полную картину происходящего, а также рассказать, как процесс улучшения происходит на линии, – отмечает Замир Сериков. – Мы надеемся, что уже к следующему опросу железнодорожники смогут сполна оценить работу, проведенную в течение этого года.

УКРЕПЛЯЕМ СВЯЗИ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



СОТРУДНИЧЕСТВО

Заместитель Премьер-министра Республики Казахстан Роман Скляр и руководители германских компаний провели десятую онлайн-встречу по вопросам двустороннего сотрудничества, где обсуждался вопрос углубления казахстанско-германского сотрудничества в сфере транспорта и логистики.

Во встрече приняли участие руководители и представители около 50 ведущих германских компаний, среди которых – Rhenus Group, Deutsche Bahn AG, Deutsche Post, DHL Group и других.

В своем выступлении Роман Скляр отметил, что развитие взаимовыгодного партнерства с инвесторами из Германии по широкому спектру направлений носит стратегический характер для Казахстана. В этой связи казахстанская сторона готова оказать полное содействие для успешной реализации совместных проектов, в том числе в области транспорта и логистики.

С германской стороны выступил член правления Восточного комитета германской экономики, сопредседатель Казахстанско-германского делового совета, директор по международному бизнесу Deutsche Bahn AG Нико Варбановф, который подчеркнул важность развития восточного торгового-экономического и инвестиционного сотрудничества между РК и ФРГ. В своем выступлении Парламентский статс-секретарь Федерального министерства транспорта и цифровой инфраструктуры ФРГ Штеффен Бильгер отметил возможность развития взаимодействия Казахстана со странами Европейского союза путем расширения железнодорожной инфраструктуры.

В ходе выступления член правления Rhenus Group Михаэль Вифер поделился 20-летним успешным опытом работы в Казахстане. На сегодняшний день компания создала 8 офиса – в Нур-Султане, Алматы и Караганде – для эффективной организации грузовых перевозок, в том числе в направлении Китая.

Онлайн-совещание прошло в формате живой дискуссии, руководители ведущих германских компаний уделили особое внимание перспективам развития транспорта и логистики в целом, а также потенциалу двустороннего сотрудничества и реализации совместных проектов. В завершение встречи состоялась дискуссия в формате «вопрос-ответ».



НЕ ПУСТИТЬ ВОДУ НА ПУТИ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПАВОДОК

С начала марта на станциях и перегонах Костанайского региона ведется работа по предупреждению подтопления железнодорожных путей

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Жалгас Абдрахманов, в настоящее время под контролем руководства осуществляется ряд комплексных мероприятий, направленных на то, чтобы быстро и эффективно справиться с возможным приходом талой воды на железнодорожные пути. На сегодняшний день работниками пути, специально созданными подразделениями ведется необходимые подготовительные мероприятия, цель которых – пропустить талую воду с полей, не допустив затопления путей. Уже составлен перечень опасных мест, произведены промеры русла рек Ирғиз, Аят, Тобол. Там, где пролегают пути, на мостах очищаются пропускные трубы, подмости. Также на сегодня полностью очищены от снега и открыты для пропуска воды трубы, расположенные под полотном в наиболее опасных местах.

– Бесперебойная работа железной дороги – главное в нашей работе, – говорит Жалгас Абдрахманов. – А потому к любым возможным природным катаклизмам мы готовимся загодя и со всей серьезностью. Сейчас на наиболее уязвимых в паводок участках полным ходом ведутся очистка и вскрытие водопропускных труб. Помимо этого костанайские железнодорожники готовят мотопомпы для откачки воды там, где в этом может возникнуть необходимость. Также взяли на контроль водохранилища, с помощью которых можно будет осуществлять спуск и пропуск воды, регулировать уровень поступающей со стели воды. Кроме этого, с целью отслеживания уровня таяния снега и последующего подъема воды на всех наиболее опасных, уязвимых для подтопления местах круглосуточно проводятся объезды, проверки, ведется постоянный контроль.

В регионе сформированы четыре противоразмывных поезда в составе 29 вагонов (4 крытых и 25 платформ), которые расположены на Аркалькской, Кушмурунской, Тобольской и Костанайской дистанциях пути. На платформах и в крытых вагонах поезда везут с собой песок для засыпки размытых мест, бутовый камень, рельсовые пакеты, некондиционные шпалы – все, что необходимо для экстренного ремонта путей, перекрытия воды в случае прорыва.

Все эти и другие мероприятия, как подчеркнул Жалгас Абдрахманов, будут проводиться вплоть до окончания сезона водоборьбы.

ДОВЕРИЕ СКЛАДЫВАЕТСЯ ИЗ ДЕТАЛЕЙ



ОБУЧЕНИЕ

Почти 30 человек, среди которых начальники участков, инструкторы производственного обучения, начальники поездов регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» и филиала «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки» прошли обучение по программе Soft skills с вручением сертификатов.

Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан

Работники сервисного блока получили необходимые знания по развитию личностно-деловых качеств. Подбор тем тренингов ориентирован на специфику работы и нацелен на клиентоориентированность, стрессоустойчивость, управление конфликтами, эффективные коммуникации и противодействие коррупции.

Обучение было проведено силами внутренних тренеров АО «НК «Қазақстан темір жолы». В течение двух дней они проводили как теоретические, так и практические занятия.

– В АО «Пассажирские перевозки» пять тысяч проводников, и от уровня их профессионализма зависит качественная составляющая сервиса. На сегодняшний день ведется постоянная работа по обновлению пассажирского вагонного парка, пересмотрены и утверждены требования к оснащению пассажирских вагонов мягким съемным инвентарем, утвержден стандарт по клинингу и оснащению санитарно-гигиеническими средствами пассажирских поездов АО «Пассажирские перевозки», принят в работу стандарт приветствия работников поездных бригад при обслуживании пассажиров. Слаженная и качественная работа поездных бригад обеспечивается и контролируется начальниками поездных бригад пассажирских вагонов, инструкторами и начальниками участков, в общей сложности около 300 человек. Они являются основ-



ным связующим звеном между руководством компании и проводниками пассажирских вагонов. И именно на их обучение и развитие планируется направить усилия в текущем году, – отметила HR бизнес-партнер Алма Саулебаева.

Вопросы противодействия коррупции организаторами были определены как тематика первой встречи. Не менее актуальной оказалась тема клиентоориентированности. По мнению специалиста по маркетингу АО «КТЖ Express» Татьяны Дрозд, на создание общего впечатления от поездки влияет каждая деталь – от встречи пассажира при посадке, внешнего вида персонала до качества сервиса.

– Мы постарались объяснить нашим коллегам, что от нашего отношения к клиенту зависит не только наше материальное составляющее, но и эмоциональное состояние. Ведь по сути,

мы сами ежедневно являемся клиентами в любом общении. И очень важно уметь определить эту грань, чтобы не потерять клиента, находясь в теле сервисодателя, – говорит она.

По признанию самих слушателей, они чувствуют большую ответственность перед компанией и благодарны за возможность обучиться, развиваться, вносить свои предложения.

– В нашем коллективе каждый отвечает за всю бригаду, как в едином механизме, работающем ради комфорта пассажира. Ведь для нас главное – чтобы пассажир остался доволен поездкой и хотел вернуться в этот поезд снова, – поделилась начальник пассажирского поезда филиала «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки» Данагуль Оспанова.

Обучение будет проводиться в течение всего года на системной основе.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ПОДНЯЛИСЬ НА СТУПЕНЬ ВЫШЕ



Сборная «КТЖ-Локомотив» заняла первое место в XIV чемпионате Восточного Казахстана и Усть-Каменогорска по футболу среди любительских команд. Эти зимние соревнования посвящались 30-летию независимости Республики Казахстан.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В чемпионате по футболу приняли участие 11 команд, в том числе от крупных предприятий региона – промышленных гигантов ТОО «Казцинк», ТОО «Ульбинский металлургический завод», организаций по передаче электроэнергетики, ДЮСШ «Алтай», медиа-холдинга акимата ВКО «Шығыс Ақпарат».

В состав команды «КТЖ-Локомотив» вошло 15 железнодорожников из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), Защитинской и Серебрянской дистанций пути. Капитан команды – машинист тепловоза ТЧЭ-22 Жалғас Бибасаров.

Как рассказал один из членов команды, известный среди железнодорожников спортсмен, ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Защитинской дистанции пути Берик Байкониоров, футболисты «железки» в первый раз стали призерами в подобных соревнованиях и сразу достигли такого высокого результата. К слову, спортсмены-железнодорожники забили 143 гола, им же – 58. На втором месте – команда «Бозанбай» со счетом 132:68, на третьем – «Карой» – 128:88. К слову, голкипер Павел Коряк и бомбардир Айбек Берикполов из сборной «КТЖ-Локомотив» стали лучшими в своих номинациях среди всех команд-игроков.

– Мы как спортсмены поднялись на ступень повыше. Уже прошли одну лигу. Заняли первое место, – говорит Берик Байкониоров. – Теперь будем готовиться к летним соревнованиям. Этот чемпионат проходил в спортзале, поэтому вид соревнований – футбол. Летний чемпионат пройдет на стадионе «Алтай» Усть-Каменогорска.

Фото Берика БАЙКОНИОРОВА

АРДАГЕРГЕ АҚ ТІЛЕК



Сала ардагерлерінің ағалық қамқорлығына бөленіп, олардың өмірлік тәжірибесінен, тәлім-тәрбиесінен өнеге алып өскен теміржолшылар алдыңғы толқын ағалары, қазіргі теміржолшы ардагерлерді әрдайым құрметке бөлеп, қошеметтеуден жаңылған емес.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермахановты мерейлі 70 жасқа толу құрметіне бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан бөлімшенің кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев құттықтады. Саналы ғұмырын аймақ теміржолшының өркендеуіне арнап талай шәкірт тәрбиелеп, олардың табысты жұмыс жасауына ықпал жасаған ақсақалдың иығына шапан жауып, арнайы сый-сияпат жасаған кәсіподақ

ұйымының төрағасы ардагердің әлі де жастар тәрбиесіне, аймақ теміржолшыларының мерейінің үстем болуы жолында үлес қосып, ақсақалдық ақыл қосуына тілектестік білдірді.

– Аймақтағы теміржолшы ардагерлер кеңесі – осы саланың өркендеуіне бүкіл өмірін сарп еткен аға буыннан құралған ұйым. Кеңесті басқарып отырған Сисенбі Шермаханов оның жұмысын үйлестіріп, жастардың салалық жұмысқа етене араласып, бейімделуіне ықпал жасап келеді.



Ардагерлеріміз қашанда аман болып, біздерге жол көрсетуші көреген қариялар болып, тұғырларынан таймасын, – деп игі тілегін арнады Мұхтар Өмірзақұлы. Әріптестерінің ыстық ықыласына бөленген ақсақал алғысын айтып, батасын берді.

Суретті түсірген автор

ПОЕЗДКА В НАГРАДУ УДАЛАСЬ!



Семья начальника стрелковой команды станции Жезказган Карагандинского филиала ТОО «ВЖД» Ербола Баймагамбетова вернулась из первого семейного заграничного отдыха.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

Поездка в один из лучших пятизвездочных отелей Объединенных Арабских Эмиратов стала наградой за то, что по итогам 2020 года глава семейства был признан самым активным пользователем мобильного приложения «Поведенческие диалоги безопасности» (ПДБ) разработанного в АО «НК «КТЖ».

– Это были незабываемые дни для всей нашей семьи! Столько эмоций и впечатлений привезли, особенно дети! Пока сын и дочь были маленькими, мы все вместе путешествовали только в пределах Казахстана. А благодаря этой награде от компании, мы впервые смогли выехать на отдых в жаркую страну, из зимы попали в солнечное лето! Увидели столько нового, необычного, общались с разными людьми, купались, загорали, ездили на сафари, на экскурсии. В общем, отдохнули на все сто! Я и моя семья от души благодарны компании, очень приятно, когда настолько высоко ценят труд и безопасность своих работников, – говорит Ербол Баймагамбетов.

По его мнению, программа «Поведенческие диалоги безопасности» отвечает духу времени, является залогом спокойной и отлаженной работы на железной дороге, где самое главное – как безопасность самих работников, так и



Фото из семейного архива

безопасность, сохранность пассажиров, груза и багажа. Как отмечают специалисты, в настоящее время в системе зарегистрированы свыше 110 тысяч пользователей. В целом, свыше 320 работников КТЖ в прошлом году премированы за предотвращение несчастных случаев на железной дороге.

В 2020 году в модуле «Поведенческие диалоги безопасности» зафиксировано более 7,5 тысяч диалогов, в 240 случаях применено право на остановку работ. А самый активный пользователь системы по итогам года премирован на сумму 3 миллиона тенге для приобретения путевки на семейный отдых в страны ближнего и дальнего зарубежья. Так, Ербол Баймагамбетов в прошедшем году оформил 53 ПДБ с указанием факторов, способных нанести вред здоровью и жизни человека на рабочем месте.

Рейд

ШЫДАМНЫҢ ДА ШЕГІ БАР

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Қызылорда

Аймақтағы теміржол объектілерінде орын алуы мүмкін тосын жағдайлар, оның ішінде кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің пойыз вагондарының терезесіне тас лақтыруын, бағдаршамдарды сындыруын болдырмау, сонымен қатар жол бойындағы байланыс құрылғыларына залал келтірмеуін қадағалап бақылау аймақ теміржолшыларының кәсіби міндетіне айналғалы қашан.



Аса қауіпті аймақ саналатын теміржол бойында ата-аналардың қадағалауынсыз жүрген жасөспірімдердің тосын жағдайға ұрынып қалуының алдын алу, жолды тек белгіленген жерлерден кесіп өтуін талап ету, қауіпті аймақта ұрлық-қарлықтың болуына жол бермеу мақсатында Қызылорда станциясының бас инженері Сағымжан Есмаханов бастаған теміржолшылар Қызылорда станциясындағы ЖІПб полиция инспекторларымен бірлесіп кезекті рейд өткізді. Теміржолды кез келген тұсынан кесіп өтіп қозғалысқа кедергі келтіретін жауу жүргіншілерді тоқтатып, аса қауіпті аймақ саналатын теміржол бойында тек белгіленген жерлерден жүріп өту керектігін түсіндіріп, бірінші рет ескертумен

шектелді. Ал келесі жолы айыппұл салынатынын жеткізген рейдке қатысушылар мұндай түсіндіру жұмыстары жыл бойы жүргізілетінін, алайда темір жолды ретсіз кесіп өтетіндер толастамай отырғанына қынжылыс білдірді.

– Станциялық жолдарды белгіленбеген жерлерден кесіп өтетін жүргіншілер өздеріне де, жылжымалы құрамдарға да қауіп төндіреді, дегенмен олар осы әрекеттерін орынды санап, ескертуді тыңдағалары келмейді. Ал егер жанымызда полиция өкілі болса ғана ескертуді тыңдап, жүріс бағытын өзгертіп, жолды белгіленген жерлерден кесіп өтуге тырысады, сондықтан рейд кезінде міндетті түрде полиция өкілдерімен бірлесіп өткізуге әрекет жасаймыз.

Дегенмен станция теміржолшылары бей-берекет жүрген жүргіншілердің жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысына кедергі келтіретін әрекеттеріне мүмкіндігінше тосқауыл қойып, қауіпті алдын алу шараларын жасап келеді және бейсауыт жүргіншілердің станция жолдарын тек қана белгіленген арнайы жолдармен ғана кесіп өтуі ұдайы қадағалануда, – дейді Қызылорда станциясының техникалық бөлім инженері Мөлдір Дәулеткелдиева.

Дегенмен, шыдамның да шегі бар, теміржолшылар қашанғы ескерту жасаймыз, қауіпсіздік сақтамай, өзіне де, өзгеге де қатер төндіргендерге жазаны қатаңдау қажет деп санайды.

Суретті түсірген автор

ЕКІ АЙДА ЖЕТІ МАЛ БАСЫЛҒАН...



Жүк пойызды немесе жолаушы пойызы болсын, қай-қайсынан да адам өмірі, теміржол қауіпсіздігіне келетін қауіп жоғары. Маңғыстауда тепловоз машинистері жыл басталғалы екі айда 17 рет шұғыл тежегішті қолданған. Яғни, жолға адам яки мал шыққан деген сөз.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Осылай, теміржолшылардың жаңа жылда жолға мал мен жан шығу салдарынан болатын оқис тежеулер жойылар деген үміті тағы ақталмай, керісінше, көбейіп отыр. Екі айдың ішінде 17 рет оқис тежеу беріліп, оның 7-де пойызға мал басылды. Өткен жылы осы мерзімде 12 жедел тежеу беріліп, 1 рет мал басы дерегі тіркелген. Соның салдарынан 0,60 тонна жанармай шығын болып, пойыз уақытынан 1 сағат 20 минут кешіккен. Бильғы екі айда да солай, 0,85 тонна жанармай ауаға ұшқан. Пойыздың кешігуі уақыты жарты сағатқа жеткен.

Жалпы, тек 2020 жылы, яғни бір жыл ішінде 185 шұғыл тежеу берілген екен. Оның 14-де мал басылған. Бұл оқис тоқталулардың нәтижесінде 9,25 тонна жанармай артық жұмсалған. Сол пойызға басылған 14 малдың 11-нің иесі анықталған. Оларға 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынса, қалған 3 мал «иесіз» болып шыққан.



Суретті түсірген автор

– Жылдан-жылға халықта мал басы артқан сайын теміржолға шығатын төрт түліктің де қарасы көбеюде. Сондықтан мал иелерінің бұл мәселеге салғырттығы салдарынан көрсеткіш өсіп отыр. Малы бар тұрғындармен түсінік жұмыстарын үнемі жүргіземіз. Мал басылған жағдайда пойыз рельстен шығып кетуі мүмкін. Онда бүкіл құрамаға қауіп төнді деген сөз. Оның жанында жағармай шығыны, тепловозға келген зақым ештеңе болмай қалуы мүмкін. Мал иелері соның бәрін түсінгендей болады. Бірақ нәтиже мынау. Әйтпесе осы екі айда желілік ішкі істер бөлімшесінің инспекторларымен бірге 238 мал иесімен кездесіп, сөйлескенбіз. Сондай-ақ, Маңғыстау, Қарақия, Мұнайлы ауданы мен Шетпе, Жармыш, Жыңғылды, Баянды, Қызылтөбе ауыл өкілдеріне малы бар ауыл тұрғындарына осы жөнінде ескертіп, тиісті шаралар қабылдауды сұрап хат жолдағанбыз, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

Оның айтуынша, бағусыз, қараусыз жүрген малдың теміржолға шығуы – қалыпты жағдай. Тіпті кейбір тұрғындар оның алдын алудың орнына төрт түліктің теміржолға өтпеуі үшін қойылған қоршауды бұзып, малының емин-еркін ауа жайылуына жағдай жасайтын көрінеді. Ондай бұлінген қоршаулар теміржолшылар жұмысын тағы да қиындатып, қайта жөндеумен айналысуына тура келеді. Осы тұрғыда ағымдағы жылға жоспар бойынша қазір Маңғыстауда 15 шақырым малға қарсы қоршауды жөндеу, 6 шақырымда құрылысын салу жұмыстары жүруде. 2020 жылы 20 шақырымы қалпына келтіріліп, 8 шақырымға жаңадан тұрғызылған болатын.



Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС
Басылымның таралымы 20 000
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жанасар Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айदान Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнелігі берілді.